

**ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
«ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДА БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДЫҢ
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ» КМҚК**

БЕКІТЕМІН



**«Қарағанды облысында
білім беруді дамытудың
оқу – әдістемелік орталығы»**

КМҚК директоры

Б. Абдикерова

2023 ж.

**«ӨСИЕТ»
АТАЛАР МЕКТЕБІ ЖОБАСЫ**

ҚАРАҒАНДЫ, 2023

«ӨСИЕТ» АТАЛАР МЕКТЕБІ ЖОБАСЫ

ҚҰРЫЛЫМЫ	МАЗМҰНЫ
Жоба атауы	«Өсиет» аталар мектебі
Жоба үйлестірушісі	Абдикерова Бакиткул Хималдиновна, «Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК директоры
Жобаны ұйымдастырушы	«Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК
Жобаны әзірлеуші шығармашылық топ	Казиева Ансаган Алпысбаевна, қосымша білім беру және ұйымдастырушылық тәрбие бастамаларын дамыту бөлімінің меңгерушісі. Сыздыкова Сайлаугул Тураровна, Балқаш қаласының «Әл-Фараби атындағы ЖББМ» КММ директоры.
Арнайы жобаның мақсатты аудиториясы	Педагогтер, ата-аналар, оқушылар
Жобаға қатысушы оқушылардың жасы	07 – 17 жас
Жобаның типтік ерекшеліктері	<ul style="list-style-type: none"> - жасалған өнімнің сипаты бойынша: ақпараттық шығармашылық, ойын және басқалар - қатысушылар саны бойынша: жеке, жұптық, топтық - ұзақтығы бойынша, ұзақ мерзімді - бейінділігі бойынша: монопроект - үйлестіру сипаты бойынша: ашық - байланыс деңгейі бойынша: облыстық, білім беру ұйымы деңгейінде

<p>Жобаның өзектілігі</p>	<p>Біздің халқымыздың ықылым заманнан бері қалыптасқан қасиеттерінің бірі – жасы үлкенді құрметтеу, оның ақылын тыңдап, сөзіне құлақ асу. Ел мүддесін өз жеке ісінен жоғары қоятын, өзінен кейінгі ұрпағына ұлылығын ұялатып, бір қауым жұртқа бас-көз бола білген адамды ақсақал тұтып, қоғамдағы орнын ерекше белгілеген.</p> <p>Бұл – жан дүниенің жомарттығы мен адамдық даналықтың, азаматтықтың кемел шағына деген құрмет. Халқымызда «Қартын сыйлаған елдің қазынасы мол» деген ұлағатты сөз бар. Осы қанатты сөздерде философиялық терең ой жатыр. Ақсақалдардың өмірлік тәжірибесі мол, көрген-білгендерін санасына түйген, ұлағатты жасына лайық аузы дуалы, сөзі берекелі, ісі тыңғылықты, ойы терең, ақылы телегей теңіз болып келген. Шынында, қазақ әр кезеңде де басынан өткізген тарихи жағдайларға қарамастан, салт-дәстүрлерімізді мұра ретінде қастерлеп, ұрпағына ұлағатты тәрбие бере білді.</p> <p>Ертеңін ойлаған тәуелсіз елімізде, ұлттың біртұтастығын нығайтуда, келешек ұрпақты тәрбиелеуде, сырттан келетін теріс бағыттағы идеологияны тежеуде ақсақалдар мектебін жетілдіру қажеттілігі туындауда.</p> <p>Жоба аясында қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын кеңінен дәріптеп, ұмыт болғанын жаңғыртып, заман көшіне сай ұлықтап, өскелең ұрпақты сол арқылы тәрбиелеу жолға қойылу керек.</p>
<p>Жобаның мақсаты</p>	<p>Аталар өнегесі арқылы халқымыздың рухани мұрасын өскелең ұрпақ бойына сіңіру, мектеп пен отбасының ынтымақтастығын арттыру</p>
<p>Жобаның негізгі міндеттері</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Рухани-адамгершілік, патриотизмге, қарттарға құрметпен қарауға ықпал ететін салт-дәстүрлерді жаңғырту. 2. Жас ұрпаққа ұлттық және отбасылық құндылықтардың пайдасын насихаттау. 3. Аталар мен ұл бала тәрбиелеудегі жауапкершіліктің маңыздылығын арттыру;

<p>Күтілетін нәтиже</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Өскелең ұрпақ бойында ұлттық бірегейлік қалыптасады, халық өміріндегі құндылықтардың маңызы артады. 2. Әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерді сақтайтын және білетін жас ұрпақ қалыптасады. 3. Ата мен немере арасындағы ынтымақтастық күшейеді.
<p>Жобаны іске асыру тегітері:</p>	<ul style="list-style-type: none"> - Білім беру ұйымдарының әлеуметтік желілерінде ақпараттық насихаттау шараларын өткізу; - Танымал тұлғалар, қоғам қайраткерлері, блогерлерді насихат жұмыстарына тарту; - «Өнегелі өмір» жобасы арқылы белгілі тұлғалармен және жетістікке жеткен белгілі ақсақалдармен кездесулер ұйымдастыру; - БАҚ көздерінде ата-бабаларымызға (ақсақал, қарияға) байланысты салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа қатысты іс-шараларын кеңінен насихаттау жұмыстарын жүргізу; - Ата тәрбиесіне арналған ұлттық тәрбиеден көрініс беретін заманауи бейнероликтер, подкасттар, әлеуметтік желіде челлендждер, мақалалар мен танымдық посттарды жүйелі жүргізу; - Білім беру ұйымдарының басылымдарында, газет-журналдардың бір бетін жүйелі түрде (ақсақал) қария, ата тәрбиесіне арнау; - «Өнегелі өмір» жобасы арқылы елге белгілі ақылдың көзі аталармен кездесулер ұйымдастыру; - Әлеуметтік желілерге бата беруден челлендж жариялау; - «Жігітке жеті өнер де аз» атты ата тәрбиесін көрген ұл балалардың ұлттық шеберлігін ютуб сайтында жариялау;
<p>Жобаны насихаттау жұмыстары</p>	<ul style="list-style-type: none"> - Әлеуметтік желі, билбордтарда мақал-мәтелдер арқылы ұлттық құндылықты ұлықтайтын мессендждер тарату; - Бала тәрбиесіне арналған салт-дәстүрлерді (білгірлері), ұлттық құндылықты дәріптеуде (көпшілікке) үлгі ретінде насихаттау; - «Өнегелі өмір» жобасы арқылы белгілі тұлғалармен, үлгілі отбасылармен кездесу ұйымдастыру;

**Жобада
ұйымдастырылуы
тиіс іс-шаралар**

- Оқушылар арасында ұлттық құндылыққа байланысты (ұлттық), байқаулар, кештер, салт-дәстүрден интеллектуалдық сайыстар, олимпиадалар өткізу.

- (Аталар) мен ұл балалар арасында ұлттық қолөнерден сайыстар өткізу;

- Көркем еңбек сабақтарында ұлттық қолөнерге баулып, өткізілген іс-шараларды насихаттау жұмыстарын жүргізу.

- Ұлттық құндылықты дамыту барысында аталардың (ақсақал, қария) басшылығымен ұл балалар арасында дебат ойынын ұйымдастыру.

- Білім беру ұйымдарында ұлттық құндылықтарды насихаттай отырып, дәстүлі түрде «Батаменен ел көгерер» байқауын ұйымдастырып өткізу;

- Атаға қатысты бейнелерді шығармаларына арқау еткен ұлт зиялыларымен кездесулер ұйымдастыру;

- Ғұрыптық фольклор бойынша бата, батырлар жыры, жарапазан жырларының үлгілерін ұл балалар арасында кеңінен тарату жұмыстарын жүргізу;

- Ата мен немере арасында ұлттық қолөнер көрмелерін ұйымдастыру;

- «Менің ата-тегім», «Тегін білген текіден» тақырыбында іс-шара өткізу;

- Ұмытыла бастаған ежелгі қазақ салт-дәстүрлерінен фестивальдер ұйымдастыру)

- (Ата, ақсақал) тәрбиесіне арналған ұлттық құндылықтарды насихаттайтын театрлық қойылымдарды өткізу;

- «Сұрасаң бата берейін» челленджін ұйымдастыру;

- «Батаменен ел көгерер» оқушылар арасында бата жаттаудан байқаулар ұйымдастыру;

- «Аталар сөзі – тәрбие көзі» аталармен кездесу, дөңгелек үстелдер ұйымдастыру;

- «Қариясын қадірлеген ел ардақты» тәрбие сағаттарын, (дөңгелек үстелдер) кеш, кездесу т.б. өткізу;

- «Менің атам, менің атам ең жақсы адам» тақырыбында жоғарғы сыныптар арасында атадан балаға мирас болған айтыс өнерін ұйымдастыру;

- «Жігіт сұлтаны» байқауын ұйымдастыру аталарды шақыра отырып ;

- Ұл балаға тән қазақтың ұлттық ойындарын

	<p>аталармен(ақсақалдар) насихаттап, өткізу.</p> <ul style="list-style-type: none"> - «Салт-дәстүр білгірі» отбасылық аталар сайысы - «Жеті ата – отбасылық шежіре» тәрбие сағаты - «Атамның даналығы» сыр-сандық интеллектуалды ойыны.
Жобаға енген пилоттық мектептер	<p>1.Қарағанды қаласы «С. Сейфуллин атындағы гимназия» КММ; 2.«№36 ЖББМ» КММ;</p> <p>3. Балқаш қаласы «Әл-Фараби атындағы ЖББМ» КММ;</p> <p>4. Теміртау қаласы «№2 жалпы білім беретін мектебі» КММ;</p> <p>5. Саран қаласы «№17 мектеп-гимназия» КММ;</p> <p>6. Шахтинск қаласы «Е. Букетов атындағы ЖББМ» КММ;</p> <p>7. Абай ауданы «Қаныш Сәтбаев атындағы қосымша білім беру мектеп-орталығы» КММ;</p> <p>8. Ақтоғай ауданы «Қазыбек Нұржанов атындағы ТМ» КММ;</p> <p>9. Бұқар жырау ауданы «Байқадам ЖББМ» КММ;</p> <p>10. Қарқаралы ауданы «Қажыкен Смайылов атындағы №43 жалпы білім беретін тірек мектебі (РО) жанындағы интернат» КММ;</p> <p>11. Нұра ауданы «Қ. Шайменов атындағы ЖББМ» КММ;</p> <p>12. Осакаров ауданы «Қ.Сәтпаев атындағыТМ (РО)» КММ;</p> <p>13. Шет ауданы «Жарық ЖББМ» КММ;</p> <p>14. ҚО ББ «Мұрагер ММЛИ» КММ.</p>
Жобаны іске асыру кезеңдері	<p>I. Дайындық кезеңі: қаңтар-қыркүйек 2023 ж. Жобаны жүзеге асыру шарттарын бағалау. Жобаны бағалау критерийлерін әзірлеу.</p> <p>1.1. «Өсиет» аталар мектебі жобасын әзірлеу, талқылау және бекіту.</p> <p>1.2. Жобаны іске асыру бойынша іс – шаралар жоспарын әзірлеу, бекіту.</p> <p>1.3. Жобаға қатысушылар үшін іс-шаралар (вебинар, нетворинг, шығармашылық кездесу кештері, тренингтер, шеберлік сағаттар және т.б.) өткізу.</p> <p>1.4. Жобаны жүзеге асыру мониторингін өткізу.</p> <p>II. Қалыптастырушы кезең: қыркүйек-желтоқсан 2023 ж, 2024-2025 оқу жылы. Жобаны жүзеге асыру.</p> <p>2.1. Оқушыларға ұлттық құндылыққа негізделген тәлім-тәрбие беру берудің тиімді түрлері мен әдістерін таңдау.</p> <p>2.2. Білім беру ұйымдарының қамқоршылық кеңестері, ата-аналар комитеті, құқық қорғау және денсаулық</p>

	<p>сақтау органдары, медиация қызметі, психолог мамандары, жастар және қоғамдық ұйымымен серіктестікті кеңейту және нығайту, бірлескен жұмыстар жүргізу.</p> <p>2.3. Білім беру ұйымдарындағы «Өсиет» аталар мектебі жобасын жүзеге асыру жұмыстарының жүйелі түрде ұйымдастыруын қамтамасыз ету, қадағалау.</p> <p>2.4. Жобаны іске асыру мониторингін жүргізу, сараптамалық талдау жасау.</p> <p>2.5. Жобаны жүзеге асыру бағытында іс-шаралар (дөңгелек үстел, вебинар, нетворинг, шығармашылық кездесу кештері, тренингтер, шеберлік сабақтар және т.б.) өткізу.</p> <p>III. Қорытынды кезең: 2026 жыл маусым</p> <p>Жобаны жүзеге асыру нәтижелерін талдау.</p> <p>3.1. Жобаны жүзеге асыру нәтижелерінің сапалық және сандық талдауы.</p> <p>3.2. Жобаны жүзеге асыру аясында жүйелі тәрбие жұмыстарын жүргізген білім беру ұйымдарына сараптамалық талдау жүргізу.</p> <p>3.3. Жобаны жүзеге асыру аясында жеткен жетістіктерін талдау, одан әрі жұмыс істеу перспективаларын анықтау.</p>
<p>Болжалды өнімдер</p>	<p>Жоба аясында өткізілген іс-шаралар бойынша әдістемелік өнімдер жазып шығару (мақалалар, авторлық нұсқаулықтар, бағдарламалар, жұмыс дәптерлері т.б.).</p>